

## "Алматы облысының мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 35 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2015 жылы 02 ақпанда № 3015 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 07 маусымдағы № 284 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 07.06.2016 № 284 қаулысымен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 7)-тармақшасына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органның үлгілік ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандығы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Алматы облысының мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. "Алматы облысының экономика және бюджеттің жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Н. Сатыбалдина) "Алматы облысының мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыруды қамтамасыз етсін және осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
3. Басқарма басшысына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген интернет-ресурста және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасарына М. С. Бигелдиевке жүктелсін.
5. Осы қаулы әділет органында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А. Баталов*

## **"Алматы облысының мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 1. Жалпы ережелер**

1. "Алматы облысының мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Алматы облысы аумағындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылау және қадағадау саласындағы басқаруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
  2. Басқарманың ведомствоолары жоқ.
  3. ,Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
  4. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
  5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
  6. Басқарма егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
  7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.
  8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
  9. Басқарманың орналасқан жері: индекс: 040000, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Шевченко көшесі, № 131.
  10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Алматы облысының мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі.
  11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.
  12. Басқарманың қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.
  13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.
- Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге

асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтөн алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. Басқарманың миссиясы: Алматы облысы аумағында мемлекеттік сәулет-құрылымы бақылау және қадағалау саласындағы мемлекеттік басқару функциясын іске асыру.

15. Міндеттері:

1) сәулет, қала құрылымы, құрылым, құрылым индустриясының өндірістік базасын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) объектілер құрылымының сапасына мемлекеттік сәулет-құрылымы бақылауын және қадағалауын жүзеге асыру, осы объектілерде сәулет-қала құрылымы тәртібін бұзушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану;

16. Функциялары:

1) сәулет, қала құрылымы және құрылым саласындағы қызметті лицензиялау мен аттестаттау;

2) жобалау-іздестіру, сараптау, құрылым-монтаждау жұмыстарын жеке және заңды тұлғалармен орындалуына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

3) аумақтарда қала құрылымын жобалаудың (облысты немесе оның бір бөлігін аудандық жоспарлау жобасының) кешенді схемасын, облыс аумағындағы елді мекендердің белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

4) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, сондай-ақ лауазымды тұлғалар мен азаматтардан өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті құжаттар мен мәліметтер суратуға және алуға;

2) өзінің құзыреті шегінде шешімдер қабылдауға;

3) өзінің құзыреті шегінде ұйымдар құру, қайта құру және тарату жөнінде ұсыныстар беруге;

4) жоғары тұрған органдардың тапсырмаларын орындауға;

5) Басқарма құзыретіне жататын облыс әкімінің, әкімдігінің құқықтық және нормативтік-құқықтық актілерінің жобаларын дайындауға;

6) жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын басқа да атқаруышы органдардың мамандарын олардың басшыларының келісімі бойынша жұмысқа тартуға;

7) Басқарма мұдделерін барлық құзыретті, мемлекеттік, әкімшілік органдарда, мекемелерде, үйымдарда, сондай-ақ сот және құқық қорғау органдарында білдіруге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін үйымдастыру**

18. Басқарма басшылығын, Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Басқарманың бірінші басшысын Алматы облысының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Басқарма қызметкерлерін лауазымға тағайындауды және лауазымынан босатады;

2) Басқарма қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады және ынталандырады;

3) өз құзыреті шегінде Басқарма қызметкерлері орындауға міндетті бүйрықтар, нұсқаулықтар шығарады;

4) Басқармадағы сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-әрекет бойынша жеке жауапкершілік алады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен үйымдарда Басқарма мұддесін білдіреді;

6) өз құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезенде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

### **4. Мемлекеттік органның мулкі**

23. Басқарма заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК